**Түркістан облысы Шардара қаласы**
**«№2 Жамбыл Жабаев атындағы бастауыш мектебі»**
**дене шынықтыру пәнінің мұғалімі**
**Дүйсенбекұлы Ерқанат**

***Шағын топта және жұптасып қарым-қатынас жасау дағдылары***

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 1.2.1.1 дене қызметін орындау және оған қатысу кезінде қозғалыс идеяларын, стратегияларын және жоспарларын білу және түсіну<br>1.2.3.1 түрлі дене жаттығулары орындауда қолайлы оқыту ортасын құру маңыздылығын мойындай отырып, кеңістік, ресурстар мен идеяларды білу және бөлісу | | | |
| **Сабақтың мақсаты** | -дене қасиеттерін дамытатын жаттығулармен таныстыру;<br>-ойыншының қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытуға арналған тапсырмаларды қарастыру;<br>-қозғалыс кеңістігінде жұптасып қауіпсіз жұмыс істеу. | | | |
| **Бағалау критерии** | • Жұптық, топтық жұмыстарда тапсырмаларды орындайды;<br>• Тапсырмаларды орындауда серіктесін бағалайды;<br>• Іс-қимылдарды байланыстыра көрсетеді | | | |
| **Сабақтың кезеңі/ уақыты** | **Мұғалімнің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Басы: 15 мин** | **Оқушылармен сәлемдесу. Түгендеу. Спорттық киімдеріне назар аудару. Оқытушы сынып ішінде жарақаттанудың алдын алу үшін қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықты жүргізеді.**<br>Бүгінгі сабақтың тақырыбы және мақсатынмен таныстыру.<br>**«Шаттық шеңбері»** (жүгіру-қыздырыну жаттығуының орнына)<br>- Оқушылар екіге бөлініп, екі қабат шеңбер жасап, жүгіре қыздырынады. Жүгіру барысында берілген белгі арқылы тоқтап, ішкі топ сыртқы топқа тілектерін білдіреді.<br>- Екінші белгі арқылы оқушыла қайта жүгіре үшінші белгі арқылы тоқтап, сыртқы топ ішкі топқа тілектерін айтады. | Оқушы өз жұбын табады<br>Әдіс арқылы қайталау<br>Сұрақ жауап орындайды | Қол шапалақ | Тренинг жазылған парақшалар |



Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Топқа бөлу.** Мұғалім ұсынған қақпақтар арқылы үш топқа бөлу.<br>- Үш топқа бөлініп жүру, жүгіру жаттығуларын жасау;<br>- Жүру арқылы тынысты бір қалыпқа келтіру. | | | |
| **Ортасы: 25 мин** | **«Жұптық және топтық жұмыстардағы тапсырмалар»**<br><br>***Топтық жұмыс.* Бекеттерде тапсырма орындау.**<br>Сабақ тапсырмасын түсіндіру және тапсырмаларды карточкалар арқылы ұсыну. *(Оқушылар өз топтарында өзара көшбасшы анықтап, ұсынылған тапсырмалар арқылы топ болып берілген тапсырманы өздері түсініп, орындап шығу)*<br><br>**1 карточка тапсырмасы (Көк бекет):** Екіге бөлініп, қарама қарсы тұрып баскетбол добын кеуде тұсынынан беру, қабылдау;<br><br>**2 карточка тапсырмасы (Жасыл бекет):** Алдын ала дайындалған кедергілерден секіре өтіп, фишкаларды арасынан жүгіру.<br><br>**3 карточка тапсырмасы (Қызыл бекет):** Баскетбол добын серпе жүру.<br><br>**Бекеттегі жаттығуларды айналмалы әдіспен барлық топ орындап шығу.**<br>Бағалау жүргізу: Тапсырма аяқталғаннан кейін саралау жұмысы. Ашық сұрақ-жауап арқылы оқушылардың тапсырма барысындағы әрекеттерді ортаға салу, кері байланыс беру.<br><br>***Жұптық жұмыс.***<br>**Ептілік, шапшаңдыққа арналған қимылды ойын.**<br>**1.Дайындық.** Ойыншылар екіге бөлініп жұптасып қарама-қарсы тұрады. Яғни, жұптар бір-біріне қарап тұрады. Екі жұптың арасына бір-бір доптар қойылады.<br>**Ойын ережесі.** Мұғалімнің «баста» деген белгісінен кейін оқушылар мұғалімнің атаған дене мүшелерін ұстайды, осының ішінде балалар «доп» деген кезде тез допты алып, жұбын ұтып алуы керек. Ұтқан оқушы келесі жұптың жеңімпазымен ойын жеңімпазы анықталғанша жалғастыра береді.<br><br>**2.** Жұпта оқушылар бір-бірінің иықтарынан мықтап ұстап, бір-бірін | Жаңа сөздерді тыңдайды, қайталайды<br>Тапсырмаларды орындайды құрастыра алады<br>Допты алып жүру,ереже сақтаумен өтеді<br>-Допты тартып алу сәтінде қауіпсіздік ережесін сақтау және ережесін дұрыс орындайды | Смайликтер арқылы<br>ҚБ өзін өзі бағалау<br><br>ҚБ<br>«Бағдаршам» | Әр әрекет үшін үлкен бос кеңістік. Ноутбуктар. Баскетбол ойынын мұғалімге ысқырық, смайликтар. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | итерін күш сынасады.<br><br>Бұл тапсырмаларды орындауда белгілі бір темп болуы керек. Оқушыларға түсіндіру барысында тапсырманың орындалуын көрсету.<br>Тапсырманы орындауда жұптарда күш,ептілік, икемділік дағдыларын жетілдіруде іс-әрекет орын алуы керек.<br>Оқушылардан сұрау осы жаттығуларды орындағанда қандай кедергілер кездесті? Ашық сұрақ-жауап жүргізу.<br>Тапсырманы мұқият орындаған жұптарды атап өту. | | | |
| **Сабақтың соңы: 5 мин** | Оқушылардың демін бір қалыпқа келтіру, тыныс алу жаттығуы.<br>**Формативті бағалау.** «Бас бармақ» әдісі.<br>**Үйге тапсырма:** Жұппен жасалатын жаттығу түрін іздеп тауып немесе ойластырып келу.<br>**Бағалау:** Мұғалім оқушыларды рефлексиялық суреттер арқылы сабақ деңгейін, оқушылардың өздерін қаншалықты көрсете алғандығын білу.<br>Сапқа тұру. Сыныпқа қайту. | Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды. | | Рефлексия парағы |

Сканировано с CamScanner

**Түркістан облысы Шардара қаласы**
**«№2 Жамбыл Жабаев атындағы бастауыш мектебі»**
**бастауыш сынып мұғалімі**
**Досалы Назым Мәжітқызы**

## *Д дыбысы және әрпі*

<table>
<tr><td>Оқу бағдарла-масына сәйкес күтілетін нәтижелер</td><td colspan="4">Білімділік: оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолданады; дыбыстың мағына ажыратушы қызметін түсінеді; сөз, сөйлем, шағын мәтін құрастырады; сызба-модель, сурет, белгілер арқылы жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптерді, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазады; айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есту, есте сақтау арқылы жазады.<br>Дамытушылық: сөздік қоры байиды; байланыстырып сөйлеуі қалыптасады.<br>Тәрбиелік: ана тілін, Отанын, халқын, мәдениеті мен салт-дәстүрін құрметтей біледі.</td></tr>
<tr><td colspan="5">Сабақ барысы</td></tr>
<tr><td>Сабақтың кезеңі/уақыты</td><td>Педагогтің әрекеті</td><td>Оқушының әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы (1–7 мин)</td><td>(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі:<br>1. Сәлемдесу.<br>2. Оқушыларды түгендеу.<br>Психологиялық ахуал орнату.<br>– Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!</td><td>Өсеміз біз күліп-ойнап, Он саусақтың саласындай. Өсеміз біз күліп-ойнап,<br>Бір адамның баласындай.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>Сабақтың күтілетін нәтижесімен таныстыру:</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>

<table>
<tr><td>(26 мин)</td><td>– Балалар, сендер бүгін берілген сөздерді, сөйлемдерді буындап, тұтастай оқисыңдар. Сызба-модель арқылы сөйлем құрайсыңдар. Сөйлемдер ретін дұрыс анықтап, мәтін құрайсыңдар. Сөздің алдына, ортасына, соңына тиісті дыбысты қосу арқылы сөздің мағынасы өзгеретінін түсінесіңдер. «Дд» әрпі кездесетін сөздерді, сөйлемдерді көркем жазасыңдар.<br>(МК, Ұ) Дыбыстық талдау дағдыларын дамыту жұмысы.<br>Оқылым.<br>1. Сөздерді буындап, тұтас</td><td>Күтілетін нәтижені мұқият тыңдайды.<br><br>1. Әр буындағы дыбыстарды тұтастырып,<br>«бір дыбыс» сияқты қосып, яғни дауыссыздан дауыстыға қарай және дауыстымен үндестіріп оқиды.</td><td>Қолдау<br><br>Қолдауды қажет ететін оқушы- ларға</td><td>Суреттер, оқулық<br>Сызба<br><br>Оқулық</td></tr>
</table>



Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | оқыту.<br>2. Сөз мағынасымен жұмысты перспективті қатардағы сөздермен ұйымдастыру. Сөздің ортасында (дауа, дода) тиісті дыбысты қосу арқылы оның мағынасы өзгеретінін түсіну.<br>3. Сөзге тиісті жалғауды жалғап, сөз құрау.<br>ал<br>сал<br>оқы<br>отыр<br>ДЫ<br>та<br>са<br>то<br>ас<br>4. Суретті сөзге айналдырып, сөйлем құрау.<br><br><br>5. Сөйлемдердің дұрыс ретін анықтап, мәтінді буындап, тұтас оқу.<br>Дулат, Дана, Ардақ далада. \| Мынау – дала. \| Ол | 2. Буындарды жеке тұтас сөздегі айтылуымен оқиды. Әрбір дыбысты естіп, әріпті көріп, өздігінен саналы оқиды. «Менің алғашқы сөздігім» кітабынан «дода», «долана», «дуадақ» сөздерінің түсіндірмесін мұғалімнің көмегімен тауып оқиды.<br>3. Оқушылар сөзге тиісті жалғауды жалғайды. Сөз құрайды.<br>4. Оқушылар сөйлемді оқиды.<br>5. Оқушылар сөйлемдердің дұрыс ретін анықтайды. Мәтінді буындап, тұтастай оқиды. | көмек беру.<br>Қолдауды қажет ететін оқушы- ларға көмек беру.<br>Мақтау | «Менің алғашқы сөздігім» көмекші құралы<br>Оқулық |
| **Сабақтың соңы (7 мин)** | **Бекіту және саралау**<br>Саралау тапсырмасымен жұмыс ұйымдастыру:<br>*1- деңгей:*<br>Сюжетті суретке қарап әңгімеле. Мұғалімнің көмегімен «Менің алғашқы сөздігім» көмекші құралынан «долана», «дуадақ» туралы ақпарат тап.<br>*2- деңгей:*<br>Бұл сөздерді қолданып сөйлем құра.<br>*3- деңгей:*<br>Құраған сөйлеміңнің сызбасын сыз.<br>Бүгінгі сабақтың тәрбиелік мәні ашылатындай мазмұнда сұрақтар қ ойып, | Оқушылар өздеріне берілген саралау тапсырмаларын орындайды.<br><br>1- деңгейдегі оқушылар мұғалімнің көмегімен «Менің алғашқы сөздігім» көмекші құралынан «долана», «дуадақ» туралы ақпарат табады.<br>2- деңгейдегі оқушылар бұл сөздермен сөйлем құрайды.<br>3- деңгейдегі оқушылар құраған сөйлемінің сызбасын сызады. | Мақтау | Оқулық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | [illegible]<br>[illegible]<br> | [illegible] | | [illegible] |

**Шымкент қаласы ЖШС «Нәзерке» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі**
**Құттыбаева Салтанат Шынәзбековна**



**Білім беру саласы:** Қатынас

**Тақырыбы:** Сиқырлы әріптер

**Мақсаты:** Балаларды әріп пен дыбысты ажырата алуға үйрету,әріптерді анық,дұрыс айта алуға дағдыландыру
Буындарды қосып оқуға баулу.
Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата алуға үйрету Әріптерден сөз құрауға үйрету.
Балалардың сөйлеу мәнерін,тіл байлығын қалыптастыру.

**Көрнекіліктер:** Суреттер,әріптер,түрлі-түсті маркерлер, әуе шарлары
Сиқырлы қорапша,хат.

**Шаттық шеңбер**
Алақанды ашайық
Күннің нұрын сезейік
Жиналған жүрек жылуы
Қонақтарға сыйлайық

**Ал,балалар қараңдаршы**
мына жерде үлкен әдемі қорапша тұр екен.Ішін ашып көрейік бұл қорапша қайдан келген екен.
Ішінен әуе шарлары ұшып шығады.Әуе шарларға байланған Хат шығады
Хатты балаларға оқып береді

Сканировано с CamScanner